

2025. 12 (4)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025
© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ)

Көксебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Коллектив авторов, 2025

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2025
© Group of authors, 2025

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ / ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY


Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 4, pp. 1202-1220, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.61.00; 13.51.01
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_4_1202-1220

REGIONAL SPECIFICS OF SAFEGUARDING THE INTANGIBLE CULTURAL HERITAGE “KNOWLEDGE AND CUSTOMS RELATED TO NATURE AND THE UNIVERSE” IN THE ABAI REGION

Beysegulova Ainur¹, Ashimova Saltanat^{2}, Kartaeva Tattigul³*

¹Al-Farabi Kazakh National University
(71, al-Farabi Ave., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
PhD
 <https://orcid.org/0000-0002-1470-1751>. E-mail: beysegulovaak@gmail.com

²Cultures under the auspices of UNESCO
(94, Kabanbai Batyr Str., 050000 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Deputy Director for the International Centre for the Rapprochement
 <https://orcid.org/0000-0003-3493-9457>. E-mail: salta-03.04@mail.ru

*Corresponding author

³Al-Farabi Kazakh National University
(71, al-Farabi Ave., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Professor
 <https://orcid.org/0000-0001-6180-4107>. E-mail: kartaeva07@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025

© Beysegulova A., Ashimova S., Kartaeva T., 2025

Abstract. *Introduction.* The Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage (hereinafter ICH) was ratified by the Republic of Kazakhstan in 2011. In accordance with the UNESCO Convention, a National List of the ICH of the Republic of Kazakhstan was established in 2013, and subsequently updated and expanded in 2024. Documenting ICH across the entire territory of a specific region holds significant scientific and practical value. The monitoring and preservation of ICH in the Abai Region has been carried out in alignment with the National ICH List of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan’s historical and cultural heritage has been preserved in the sacred complex of Konyr Aulie, medieval stone cemeteries and tombstones, and monuments of ancient stone-carving art. The culture of Kazakh pilgrimage is closely tied to folk knowledge, which reflects the interconnectedness with nature and the veneration of saints. *Goals and objectives* of the study were to conduct a comprehensive field investigation in the domains of ethnozoology and ethnoecology in the city of Semey and in the villages of Karaul, Kaskabulak, and Sarzhal of the Abai District, Abai Region, in accordance with the ICH category “Knowledge and Customs Related to Nature and the Universe”. The expedition-based field research employed a range of methods to ensure the representativeness of ethnographic materials: interviews using a questionnaire focused on surviving elements of archaic culture and traditional beliefs in the region; the collection, systematization, and academic processing of data reflecting the characteristics of material and

spiritual culture. *Results.* The field research included the documentation of ethnographic heritage reflecting the preservation specifics of ICH elements listed in the National Registry of the Republic of Kazakhstan within the Abai Region. *Conclusions.* Within the ICH category “Knowledge and Customs Related to Nature and the Universe”, the regional features of the Abai Region are reflected in the body of folk knowledge on wildlife and traditional hunting practices. Ancient methods of hunting bears and wolves were recorded, as well as the continued use of traditional trap-making techniques. In the village of Sarzhal, alongside unique local practices of tethering mares, fermenting kumis (horse milk), and smoking kumis with tobolgy wood, the development of the “Sarzhal Kumis” brand was analyzed. Wells at previously unstudied ancient settlements in the Abai District were documented, and the traditional stone masonry technique used in the construction of well walls was examined. For the first time, the construction of stone corrals was studied as a result of indigenous knowledge regarding the traditional organization of livestock farming.

Keywords: Folk knowledge, environmental use, ethnozoology, Sarzhal kumis, stone corral


Acknowledgments. The article was written according to a target project: “BR28713619 – Interdisciplinary research and replenishment of paleontology, zoology, archaeology, archeography collections with new materials (based on the “Gylym Ordasy” museums)”.

For citation: Beysegulova A., Ashimova S., Kartaeva T. Regional Specifics of Safeguarding the Intangible Cultural Heritage “Knowledge and Customs Related to Nature and the Universe” in the Abai Region // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 4. Pp. 1202–1220. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_4_1202-1220

МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИЕТ МҰРАНЫҢ «ТАБИҒАТ ПЕН ДҮНИЕГЕ ҚАТЫСТЫ БІЛІМДЕР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫШТАР» ТИПІН САҚТАУДЫҢ АБАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бейсегулова Айнұр¹, Әшімова Салтанат^{2*}, Картаева Тәттігүл³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғ., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
PhD

 <https://orcid.org/0000-0002-1470-1751>. E-mail: beysegulovaak@gmail.com

²ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығы
(94-үй, Қабанбай батыр көш., 050000 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Директорының орынбасары

 <https://orcid.org/0000-0003-3493-9457>. E-mail: salta-03.04@mail.ru

*Автор-корреспондент

³Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғ., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

 <https://orcid.org/0000-0001-6180-4107>. E-mail: kartaeva07@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Бейсегулова А., Ашимова С., Картаева Т., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдениет мұрасын (МЕММ) қорғау Конвенциясын ҚР 2011 жылы ратификациялаған. ЮНЕСКО Конвенциясына сәйкес 2013 жылы ҚР МЕММ Ұлттық тізімі жасалып, ол 2024 жылы қайта толықтырылып жаңартылды. МЕММ жекеленген аймақ бойына тіркеудің ғылыми-практикалық маңызы зор. Абай облысы бойынша МЕММ-ның сақталуын тіркеу ҚР МЕММ Ұлттық тізіміне сәйкес жүргізілді. Қазақстанның киелі нысаны Қоңыр әулие кешенінде сақталған ортағасырлық

жерлеу орындарындағы тас зираттар, құлпытастар байырғы тас қашау өнері ескерткіштерін қамтитын тарихи-мәдени мұра. Қазақтардың зиярат ету мәдениеті табиғатпен етене өмір сүрудегі халықтық білімімен және әулиелік культпен астасып жатыр. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – МЕММ «табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» санатына сай этнозоология, этноэкология бағытында Абай облысы Семей қаласында, Абай ауданы Қарауыл, Қасқабұлақ, Саржал ауылдарында кешенді далалық зерттеу жүргізу. Экспедициялық далалық зерттеулер кезінде этнографиялық материалдардың репрезентативтілігін қамтамасыз ететін әртүрлі әдістер қолданылды: аймақта сақталып қалған архаикалық мәдениет сарқыншақтары, дәстүрлі наным-сенімдерге қатысты сауалнамалық сұрақтар бойынша сұхбаттасу; материалдық және рухани мәдениеттің ерекшеліктерін айғақтайтын деректерді жинау, жүйелеу, ғылыми өңдеу. *Нәтижелер.* Далалық зерттеу барысында ҚР Ұлттық тізіміне енген МЕММ Абай облысында сақталу ерекшелігін айғақтайтын этнографиялық мұралар құжатталды. *Қорытынды.* МЕММ «табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» санатында Абай облысындағы аймақтық ерекшеліктер дәстүрлі аңшылықта жабайы табиғатқа қатысты халықтық білімдер жүйесінен көрінеді, аю, қасқыр аулаудың көне әдістері тіркелді, дәстүрлі аңшылықтағы тұзақ құру әдісінің сақталуы құжатталды. Саржал ауылында жергілікті халықтың бие байлау, қымыз ашыту, қымызды тобылғымен ыстау әдісінің ерекшелігімен қатар, «Саржал қымызы» брендтік атауының қалыптасуы айғақталды. Абай ауданынан бұрын зерттелмеген байырғы мерзімдік қоныстардағы құдықтар құжатталып, құдық қабырғасына тас шегендеудің әдісі зерттелді. Тас қора тұрғызу мал шаруашылығын дәстүрлі ұйымдастырудағы халықтық білімнің нәтижесі ретінде алғаш рет зерттелді.

Түйін сөздер: Халықтық білім, табиғатты игеру, этнозоология, Саржал қымызы, тас қора

Алғыс. Мақала «BR28713619 – Палеонтология, зоология, археология, археография қор жинақтарын пәнаралық зерттеу және жаңа материалдармен толықтыру («Ғылым ордасы» музейлері негізінде)» атты мақсатты жоба аясында жазылды.

Дәйексөз үшін: Бейсегулова А., Ашимова С., Картаева Т. Материалдық емес мәдениет мұранының «табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» типін сақтаудың Абай облысы бойынша аймақтық ерекшеліктері // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 4. 1202–1220 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_4_1202-1220


РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ СОХРАНЕНИЯ ВИДА НЕМАТЕРИАЛЬНОГО КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ «ЗНАНИЯ И ОБЫЧАИ, СВЯЗАННЫЕ С ПРИРОДОЙ И ВСЕЛЕННОЙ» В АБАЙСКОМ ОБЛАСТИ

Бейсегулова Айнур¹, Ашимова Салтанат^{2*}, Картаева Тамтигул³

¹Казахский Национальный университет им. аль-Фараби
(д. 71, просп. аль-Фараби, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
PhD


 <https://orcid.org/0000-0002-1470-1751>. E-mail: beysegulovaak@gmail.com

²Заместитель директора Центра сближение культур под эгидой ЮНЕСКО
(д. 94, ул. Кабанбай батыра, 050000 Алматы, Республика Казахстан)

 <https://orcid.org/0000-0003-3493-9457>. E-mail: salta-03.04@mail.ru

*Автор-корреспондент

³Казахский Национальный университет им. аль-Фараби
(д. 71, просп. аль-Фараби, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, профессор

 <https://orcid.org/0000-0001-6180-4107>. E-mail: kartaeva07@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Бейсегулова А., Ашимова С., Картаева Т., 2025

Аннотация. *Введение.* Конвенция ЮНЕСКО об охране нематериального культурного наследия (далее НКН) была ратифицирована Республикой Казахстан в 2011 году. В соответствии с Конвенцией ЮНЕСКО в 2013 году был создан Национальный список НКН РК, который был дополнен и актуализирован в 2024 году. Учет НКН на всей территории отдельного региона имеет важное научное и практическое значение. Учет сохранения НКН в Абайском районе осуществлялся в соответствии с Национальным списком НКН РК. Историко-культурное наследие Казахстана сохранившиеся в сакральном комплексе Коныраулие, каменные кладбища и надгробные камни средневековых могильниках, памятники древнего камнерезного искусства. Культура паломничества казахов неразрывно связана с народными знаниями взаимосвязанные с природой и культом святых. *Цель и задачи исследования* – проведение комплексного полевого исследования по направлению этнозоология и этноэкология в городе Семей, и в селах Караул, Каскабулак, Саржал Абайского района Абайской области в соответствии с категорией НКН «Знания и обычаи, связанные с природой и вселенной». В ходе экспедиционного полевого исследования использовались различные методы, обеспечивающие репрезентативность этнографических материалов: интервьюирование по вопросам анкеты, связанным с сохранившимися в регионе остатками архаичной культуры, традиционными верованиями; сбор, систематизация и научная обработка данных, свидетельствующих об особенностях материальной и духовной культуры. *Результаты.* В ходе полевого исследования проводилось документирование этнографического наследия, свидетельствующее об особенностях сохранности НКН, включенных в Национальный список Республики Казахстан, в Абайском области. *Выводы.* В категории НКН «Знания и обычаи, связанные с природой и вселенной» региональные особенности Абайского области отражены в системе народных знаний о дикой природе в традиционной охоте. Зафиксированы древние способы охоты на медведя и волка, а также зафиксировано сохранение метода создания ловушек в традиционной охоте. В ауле Саржал, наряду с особенностями местных способов привязывания кобыл, ферментации кумыса и копчения кумыса с тоболгы, проанализировано формирование бренда «Кумыс Саржала». Задokumentированы колодцы на ранее не изученных древних поселениях Абайского района, изучен способ каменной кладки стен колодцев. Строительство каменных загонов впервые было изучено как результат народных знаний по традиционной организации животноводства.

Ключевые слова: Народное знание, природопользование, этнозоология, кумыс Саржала, каменный загон

Благодарность. Статья написана по целевому проекту «BR28713619 – Междисциплинарные исследования и пополнение коллекций палеонтологии, зоологии, археологии, археографии новыми материалами (на базе музеев «Ғылым ордасы»).

Для цитирования: Бейсегулова А., Ашимова С., Картаева Т. Региональные особенности сохранения вида нематериального культурного наследия «знания и обычаи, связанные с природой и вселенной» в Абайском области // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 4. С. 1202–1220. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_4_1202-1220

Кіріспе

ЮНЕСКО-ның «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын ратификациялау туралы» 2011 жылғы 21 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануы мәдени мұраларды сақтау ісінде жаңа серпіліс тудырды (Материалдық емес мәдени мұраны қорғау, 2011). Қазақстанның Материалдық емес мәдениет мұрасының (бұдан әрі – МЕММ) 2013 жылы алғаш, 2024 жылы қайта толықтырылған Ұлттық тізімінің жасақталуына барлық облыс әкімдігі жанындағы Мәдениет департаменттерінің үлесі зор. ЮНЕСКО Конвенциясына сәйкес жергілікті МЕММ келесідей санаттарға жіктеп

қарастырдык: МЕММ-ның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары; әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар; дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар; табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар; орындаушылық өнерлер (Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау, 2013; Қазақстанның жанды мұрасы, 2024). Қазақстанның жанды мұрасын сақтау, музейлендіру ісінде пәнаралық зерттеу, музейлік далалық зерттеумен ұштастыра отырып ғылыми нәтиже беру, әрі ЮНЕСКО қорғауындағы мұраларды музейлік зерттеу бүгінгі ғылымның өскелең талабы.

МЕММ-ның сақталу ерекшеліктерін жекеленген аймақ бойынша тіркеудің ғылыми-практикалық маңызы зор. МЕММ «табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» санатына сай этнозоология, этноэкология бағытында кешенді далалық зерттеу Абай облысында Семей қаласы, Абай ауданы Қарауыл, Қасқабұлақ, Саржал ауылдарын қамтыды. Аймақтық далалық этнографиялық зерттеу, барлау жұмыстарына дәстүрлі баспана, киім-кешек, ыдыс-аяқ, ас-тағам жүйесіндегі аймақтық ерекшелік, материалдық және рухани мәдениет пен тұрмыстың көптеген құбылыстары мен аспектілері туралы жеткілікті толық ақпарат жинау мақсатын көздейтін қысқа мерзімді зерттеу таңдалды.

Зерттеу нысанына алынатын ауылдары, елді мекендерді таңдаған кезде олардың қаншалықты нәтиже беретіндігіне алдын ала болжау жұмыстары жүргізіледі. Ақпарат беруші «дерек кісілер» үш топқа жіктелді: көнекөз қариялар, шежіре кісілер; дәстүрлі ортада қалыптасқан орта буын өкілдері; дәстүрлі мәдениетпен жас буын өкілдері.

Дәстүрлі аңшылықтағы аймақтық ерекшелік аю аулау мен тау аңдарын аулаудан көрінетіндігі белгілі. Аңшылық нысанында аю да, тау аңдарының қайсысы болса да жабайы табиғаттағы «тірі ескерткіш» ретінде қорғалады. Қазақстанның музей қорларындағы аю қақпандар тек шығыс өңірге тиесілі, әрі өте сирек кездесетін құндылық, сирек кездесуі жалпы аю аулаудың сирек болғандығын айғақтайды.

Абай облысы МЕММ-ның аймақтық ерекшелігі жергілікті айғақтайтын ән-саз өнері, шығыстық күй мектебі, шығыстық ән мектебі, айтыс, халық ауыз әдебиеті жанрларын ауызша баяндау дәстүрінің қазіргі сақталу деңгейі де бақыланды. Музейлердің этнографиялық қорынан аймаққа тән ерекшелікке сәйкес қымыз шелек, күбі шелек, сүйектелген киіз үй жиһаздары, тошала үй, адалбақан және шаруашылық бұйымдарының жасалу әдісі мен қолданыс аясы зерттеуге алынды. Далалық ашық аспан асты этнографиялық ескерткіштері, көне қыстаулар, көктеулік, күзеулік мерзімдік қоныстар, этнографиялық кезең қорымдары, дәстүрлі мал шаруашылығы, жылқы, ірі қара, қой шаруашылығы, түйе өсіруді тіркеуге алу кезінде «табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен дағдылар» санатын тұрғысына басты назар аударылды. Абай облысындағы МЕММ этнографиялық далалық зерттеу кешенді, күрделі жүргізілгендіктен, мақала тек жергілікті халықтың табиғатпен байланысының кейбір нысандарын талдауға арналады.

Материалдар мен әдістер

МЕММ-ның белгілі бір аймақтарды сақталу, қорғалу үрдісін бақылауда басты ұстанатын құжаттар – ЮНЕСКО Халықаралық ұйымы тарапынан қабылданған МЕММ құқықтық реттеуге негізделген Конвенция, қарарлар және ҚР МЕММ тіркеу, тізімдеуге байланысты құқықтық тұжырымдары (Мартыненко 2017: 282–294; Қазақстанның жанды мұрасы, 2024; Материалдық емес мәдени мұра, 2015). МЕММ құқықтық реттеу, сақтау немесе қорғау этнология ғылымында «нормативті этнология» немесе «құқықтық этнология» деп аталады. Материалдық емес мәдениет тұрғысынан нақты бір аймақта зерттеу жүргізіп, тіркеу жасау маңызды, әрі материалдық емес мәдениет мұрасының аймақтық ерекшелігін айғақтайды, басқа өңірмен салыстырмалы сараптау жасауға мүмкіндік береді. Ұсынып отырған тақырыпқа сай зерттеу жұмысы МЕММ сақтаудың аймақтық жүзеге асуын тіркеуге бағытталған. Абай облысынан жинақталған авторлардың экспедициялық материалдары (бұдан әрі – АЭМ) негізгі дереккөз болып саналады. Абай ауданы аумағындағы сақталған XVIII–XX бас кезіне саятын ашық аспан асты этнографиялық ескерткіштер, байырғы мерзімдік қоныстар орны,

жерлеу орындары, зираттар, құдықтар зерттеуге заттай материал, әрі құндылығы жоғары тарихи-мәдени мұра болады. Сондай-ақ, дәстүрлі қолданыстағы дәстүрлі мал қоралар, оның құрылыс материалдары «табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен дағдылар жүйесін» айғақтағанға заттай дерек ретінде тіркелді. Далалық материалдарды ғылыми өңдеуге этноэкология, этнозоология, этноботаника әдістері қолданылды. Қазақ халқының табиғатпен байланысты білімдері этнология ғылымының этнозоология/антропозоология, гео-био-экология, құқықтық-нормативтік этнология тұрғысында пәнаралық күрделі байланысы негізінде зерттеледі. Абай облысы, Семей тарихи-өлкетану музейі қорынан (бұдан әрі – Семей музейі) алғашқы фототүсірілімдер, сирек кездесетін кітап беттеріндегі тарихи фотоларға интерпретация жасалды.

Кейінгі жылдар мен қазіргі заманда қазақтың табиғатты танудағы зоологиялық халықтық білімдер жүйесі өзгерді, оған қабан қақпан, аю қақпан, тышқан қақпан сияқты аңшылық-кәсіптік құралдарының музейлік артефакті нысаны болып қалуы дәлел. Музейлердегі және жекеленген аңшылар қолындағы қақпан түрлері, аң терілері қазақтың тарихи-зоологиялық, тарихи-табиғаттану білімін саралауға мүмкіндік береді. Қазақ халқының табиғатпен байланысты халықтық білім жүйесін ғылыми практикалық қырынан игерудің отандық археология ғылымы үшін де, этнология ғылымы үшін де маңызы зор. Этнозоология – әртүрлі жануарлардың жаратылуы туралы түсініктерді, жануарлар түрлерін жіктеу, жасы/төлі/жынысына қарай атауларды, жабайы жануарларды алу және қолға үйрету/өсіру, өнімін пайдаланумен байланысты мәдени білімді де қамтиды (Dídac SSantos Fita, 2016; Clément, 1998). Әлемдік ғылымда бұл бағыт XX ғасырдың соңғы жылдарында кең қанат алып, әлеуметтік антропологияда жаңа бағыт – этнозоология, антропозоология пайда болды (Воробьев, 2018). Этнозоология – адам мен жануарлар арасындағы қарым-қатынасқа және адамдардың қоршаған ортада тіршілік ететін жануарлар туралы алған біліміне ерекше назар аударады. Этнозоология бағытында жергілікті аймақтық ерекшеліктен марал, бұғы мүйізін ұқсату, өңдеп тұрмысқа пайдалану, қасқыр, түлкі, аю терісін өңдеу, аю терісінен тұлпып, тулақ жасау әдістері тіркеліп, ғылыми өңделді. Жергілікті табиғат ескерткіштерінің қасиеттілігін тану, жергілікті тастан зират тұрғызу, құлпытас қашау, құдық қабырғасын шегендеу ландшафты игерудегі дәстүрлі технологияларды қолдану және этноэкологиялық білімдерді алға тартады.

Далалық зерттеу этнозоология, этноэкологиялық бағыттағы зерттеуге тиімді нәтиже беретін бие байлау науқанының басталуы, жайлаулық жайылымда шөп, су қорының мол болатын, мал төлінің аяғы шираған кезі – мамыр айының соңынан маусым айында жүргізілді. Жерлеу орындарына қатысты тарихи-мәдени мұраны қоса қамтитын Ақтас шатқалындағы Қоңыр әулие үңгірі арқылы адамдардың экологиялық ортадағы су терапиясын қоса қабылдауы, ландшафты дәстүрлі пайдалануын бақылауға да тиімді нәтиже жаз айында күтеледі. Далалық зерттеу мерзімін белгілеу, таңдау әдісі – практикалық этнозоология, этноэкология бағытында аса маңызды.

Қоңыр әулие табиғат ескерткіші және әулиелік культ

Шыңғыстаудың батысында орналасқан Ақтас шатқалындағы Қоңыр әулие үңгірінің табыну орнына айналуы жазба деректерге ортағасырларға саяды. Ақтас етегінде ескі қорымды зерттеушілер қалмақ-жоңғар шапқыншылығы кезеңімен байланыстырады (Брюханов, 1912: 1–3). Исламдағы әулиелер культі (تقدیس الأولیاء, *такдiс-уль-авлия* – әулие, қазақ тіліне бейімделген араб сөзі) жергілікті халықтың белгілі бір тұлғаның әруағына деген ерекше құрмет көрсетумен байланысты исламға дейінгі діни реликтермен байланысты қалыптасқан табынушылық нанымдары. Жалпы ислам дінінде әулиелерді канонизациялау әдеті қабылданбайды, бірақ Әбу-Ханифа машабын ұстанатын қазақ және басқа түркі халықтарында нақты адам немесе мифтік кейіпкерді көпшіліктің қалауы бойынша құрметтеу орын алған. Кейбір аймақтарындағы әулиелер культінде ру-тайпаның негізін қалаған, одан тараған үрім-бұтақтың оның атымен аталатын ру тармағын құрап, уақыт өте келе ру негізін қалаған адам аты қасиеттеніп, жерленген немесе белгі қойылған орын да қасиетті орынға айналады. Әулиелердің қабірлеріне тәу ету, зиярат етудің мақсаты – әулиеден рақымдылық пен қорғау алу, әулиелермен рухани қарым-қатынасқа түсу. Исламдағы әулиелік орындарға зиярат еткен

мұсылмандардың барлығы қабір басында Құран бағыштайды. Ислам дінін тұтынатын түркі халықтары арасында әулиелер культінің құрамдас бөлігі әулиелердің, ел басқарған тарихи тұлғалардың және тарихи дәуірлерде өмір сүріп ел арасында рухани ізгі мұра қалдырған қайраткерлерінің жерленген орындарына зиярат ету болып табылады. Халық қасиетті деп санаған тұлғаның бейітінің үстіне қойылған жаңа кесене-күмбездер немесе жаңа бейіттер «киелі» орындардың орталығына айналады.

Табиғаттан тыс күш-қуаттарға ие болған исламға дейінгі ата-бабалар культінің қалдықтарын, жергілікті қасиетті орынның бірі «Қоңыр әулие үңгірінен» байқауға болады. Қоңыр әулие қасиетті орнына зиярат етушілердің бір тобы түнеп жатып құрбандық шалады, бір тобы түнеуге қалмай құрбан шалып, басында басқа келушілерге құдайы тамақ, ас береді. Зиярат етушілердің бір тобы Қоңыр әулие үңгірі шатқалында өскен ағашқа немесе қорымдағы зираттарға шүберек байлап, белгі қалдырады. Ғылымда «заттық антропология» деп аталатын белгі қалдыру, зиярат етушілердің осы жерге келгендігін білдіретін ақпарат ретінде қызмет етеді. Көптеген мұсылмандар қабірлерді зиярат еткенде өлілерден мұқтаждықтарын қанағаттандыруды тікелей сұрайды, әулиелік орынға тағзым етеді және қабірді, қабір тасты ұстайды. Зиярат етушілер әулиелердің шапағатшы ретіндегі тылсым күші арқылы өз ата-баларына арнап Құран бағыштайды, дертіне дауа іздейді. Қазақ халқында әулие деп танылған тұлғалардың қабіріне зиярат ету сенімі қазақ жерінің барлық өңірінде кең тараған. Ал, Қоңыр әулиенің тарихи мәдени құндылығы мен қасиетті жер танымындағы аймақтық ерекшелігі дәстүрлі медицинадағы «су терапиясы» мен «тас терапиясы» (Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті, 2017: 39–41; 1б-сурет). Қоңыр әулие басындағы тарихи мәдени мұраны келесідей жіктейміз: табиғат ескерткіші – Қоңыр әулие үңгірі, үңгір қайнары, жартас; этноархеологиялық ескерткіш – балбал; этнографиялық ескерткіштер – қорым, құлпытастар, қоныс орындары (АЭМ; 1 а, в, г-сурет).



Сурет 1 – Қоңыр әулие ескерткіштер: а) Қоңыр әулие қорымындағы төртқұлақ тас зиратқа шүберек байлау; б) Зиярат етушілердің Қоңыр әулие үңгірінің түбіндегі қайнар суына баруы; в, г) тас зираттар мен құлпытастағы рулық таңбалар

[Fig. 1 – Monuments of Qonyr Aulie: a) tying cloth to the four-pillared stone grave (tortqulaq) at the Qonyr Aulie burial ground; b) Pilgrims visiting the spring at the bottom of the Qonyr Aulie cave; c, d) stone graves and tribal tamgas (symbols) on the gravestones]

Этнозоологиялық халықтық білімнің аймақтық ерекшелігі

Жылқы, түйе таңбалау. Жылқы, түйенің есебін жүргізу үшін қолданылатын шартты белгі. Жылқыны күз айларында бие сауу уақытында таңбалайды. Өйткені бұд кезде шыбын-шіркей аз болмайды да таңбалаған жері асқынбай тез жазылады. Жылқыны үйірімен ашық қораға қамап таңбалайды. Айғыр мен саяқтарға таңбаны бұрын басады, өйткені олар

адамға қарсы шауып, жұмысқа қиындық келтіреді. Таңбаны жылқының сол иығы мен сол жақ санына басады, түйенің сол жақ санына басады. Жауын-шашын күні түйе, жылқы таңбалауға болмайды, өйткені дымқыл жүнге таңба дұрыс түспейді. Егер түйе, жылқының түгі қалың болса, таңба басатын жерін қайшымен тықырлап қырқады. Таңба жақсы түсу үшін таңбалайтын темірді қыздырып, жылқы денесіне күйетіндей етіп басады. Күйген жерге май жағады. Күн ашық болса таңбаланған жылқы, түйені жайылымға жібереді. Егер қораға қамаса, таңба басқан жері қышығанда әр нәрсеге сүйкеніп, таңбаның белгісін бұзады. Мал өрісінен адасып кетіп, басқа елдің отарына қосылғанда осы таңбасы арқылы өз тайпасына қайтарылған. Барымталанған жылқыны қайтаруға да таңба айғақ болған. Дәстүрлі кезеңде ру таңбасын басса, қазіргі кезде әулет иесі, үй иесінің бас әріптерінен «таңбасар» темір аспап жасайды. Таңбасар аспабы халық арасында «дақ» деп те аталады. Тарихи дәуірлерде таңбасар рулық таңба бейнесінде соғылған. Таңбасарды темір ұсталары соққан. Жергілікті жерде қазіргі таңда түлік иесінің аты-жөнінің бас әріпін көрсететін таңбасар соғу ісі кең тараған (2-сурет).



Сурет 2 – Таңбалау: а) таңбалау үшін жылқы өткізетін дәліз-қора; б) шөк астау мен таңбасар; в,г) таңбасар
[Fig. 2 – Branding: a) a corridor-pen for leading horses to be branded; b) a brazier with a branding iron (tanbabasar); c, d) a branding iron (tanbabasar)]

Жылқыны тағалау. Абай ауданының жері тасты, таулы болып келгендіктен халықтық білімнің бірі жылқы тағалаудан көрінеді. *Тағалау* – мұзға таймау және тастақты жерде тұяғы жарылып сынбау үшін жылқыны бағып-қағу, күту, жұмыс қабілетін арттыру шараларының бірі. Шығыс өңірінде жердің тасты, қыстың қарсы, суық, мұзды болуы жылқы тұяғын тағалаудың қажет етті. Жергілікті ұсталар тағаны тағаланатын жылқының тұяғының үлкен-кішілігіне қарай тапсырыспен соқты. Жегіс жылқысының тұяғы үлкен, мініс жылқысының тұяғы көбіне дөңгеленген кішірек келеді. Алдымен тағаланатын жылқының аяғын тебе алмайтындай етіп бекітеді, тұяғын тазалап, сынғаны болса жонып тегістейді. Тағаны тұяққа тегіс қабыстырып, шегесін тұяқтың көбесіне кірмейтіндей етіп көлбеу қағады. Тұяқтың көбесіне немесе құндықдыққа шеге немесе бөгде зат кірсе жылқы ақсайды. Кезінде қарап емдемесе, ол асқынып жараға айналуы мүмкін. Жылқының төрт аяғын бірдей тағалайды. Егер тағаның бірі сынып немесе түсіп қалса, оның орнына қайтадан таға қағады немесе тағаның бәрін алып тастайды. Үйірге салатын айғырды, сауын биелерді тағаламайды. Олар өзге малға немесе бие сауатын адамға зақым келтіруі мүмкін.

Саржалдағы бие байлау. 2018 жылы Қазақстан тарапынан ЮНЕСКО-ның МЕММ-ның репрезентативті тізіміне «Қазақ жылқы өсірушілерінің көктемгі мерекелік салт-дәстүрлері: бие байлау, айғыр қосу, қымыз мұрындық» мұрасының енуіне Абай облысының Саржал ауылының қосқан үлесі зор (Browse the Lists, 2003). «Саржал қымызы» тек өңірде ғана емес, Қазақстан қымызының «бренд» үлгісіне айналған. Саржалда қымыз шелекті күбіде шайқалған маймен немесе қаймақпен сылап, тобылғымен ыстау арқылы дайындайды. Тобылғының жапырақты жас шыбығын сындырып, темір ыдысқа салып от қойып, лапылдап жанбайтындай етіп түгіндетеді, ол үшін алдыңғы тобылғы шөк қалдықтары үстіне салады, оны «түгіндік дайындау» деп атайды. Түгіндікті майланған күбі шелекке салып, түбін қабырғасына ыс боп сіңу үшін бетін жауып таңып тастайды. Ысы қатты болу үшін түгіндік салуды 4–5 ретке дейін қайталайды. Ысы күбіге әбден сіңгенде қор (ашыған қымыз қалдығы) қосылған жаңа қымызды

құйып, піспекпен иіні қанғанша піседі. Тобылғымен ыстау қымыздың сапасын, ысын күшейтеді. Саржалда бір үйде кемі 5-6 күбі шелек болады. Қымыз күбі атауы да қолданылады, бір күбінің сиымдылығы 20–30 литр болады. Тобылғымен жергілікті қолөнершілер саба, торсық, теріні де ыстайды. (АЭМ; Қазақтың этнографиялық категориялар, 2017: 383–384; 3-сурет).



Сурет 3 – Қымыз ыстау: а) Саржал тобылғылы даласы; б) тобылғыны түтету;

в) ысты ұстау үшін күбішелекті таңғышпен таңу

[Fig. 3 – Smoking kumis: a) the Sarzhal steppe with spirea (tobylgy) shrubs; b) smoking with tobylgy; c) tying the churn with a strap to keep the smoke inside]

Күрделеу. Асау сауын биені, әсіресе, қулық биені (алғаш құлындаған тұмса, асау бие) сауу кезінде қолданылатын «күрделеу» әдісінің де дәстүрлі сақталғанын тіркедік. *Күрделеу* екі түрлі: біреуінде арқанның бір ұшын малдың мойнына күрмей байлайды да, екінші ұшын артқы оң аяғының шашасынан іліп, мойнындағы арқанға сәл тартып байлайды. Екінші түрінде кәдімгі тұсаумен малдың тірсегінен жоғары екі аяғын қоса матайды. Күрделеуге ешкі, қой жүнінен ескен «күрде жіп» деп аталатын арқан қолданылады. Күрделеу жылқыны жығуға да қолданылады, жығу үшін күрде жіпті екі қабаттап жылқының алқым тұсіна күрмеп байлайды, қалған екі ұшын алдыңғы екі аяқ арасынан өткізіп, артқы аяқтың шашасынан төмен шалып байлайды. Оны жылқының мойнына байланған жіп тұйығына іліп алып тартып, жылқы оңай жығуға бейімдейді. (Қазақтың этнографиялық категориялар, 2017: 426).

Айыр түйе өсіру. Түйе өсіру мәдениеті Абай ауданы Қасқабұлақ ауылында дамыған. Алғашқы жазба деректер, фотодеректерде шығыс өңірінде айыр түйенің қатынас көлігі, жүк көлігі ретіндегі қызметі жайында ақпараттар береді. Айыр түйе суыққа төзімді келеді, жергілікті табиғатқа бейімделген, бір өркешті нар қазақ жерінің оңтүстігі мен оңтүстік-батысына бейім. Жергілікті жерде айыр түйенің бір мен екі жас арасындағы ұрғашысын *тайлақша*, еркегін *торым*, нардың екі жастан асқанын *буыршын* (немесе *інгенбұзар*), ұрғашысын *бүлдіршін* деп атайды. 3 жасқа жеткен айыр түйенің еркегін *құнанша* немесе *сарша*, ұрғашысын *інгенше* немесе *сілбі* деп атауды шығыс түйешілері сақтап қалған (4-сурет).



Сурет 4 – Айыр түйе өсіру: а) інген; б) айыр бота. Қасқабұлақ ауылы
 [Fig. 4 – Breeding of Bactrian Camels: a) a female camel (ingen); b) a Bactrian camel calf; Kaskabulak village]

Күзеу. Көктемде жылқының жал-құйрығын қыркудың дәстүрлі әдістері мен көне атауларының сақталуы назар аудартады. Жылқының жал-құйрығының ұшын тегістеп, бір ізге түсіріп күзеу (қырқу) көбіне жас жылқы, бие, байталдарға жасалады. Бәйге, көкпар аттарының жал-құйрығын күзеу көз тиюден қорғайтын магиялық күшке ие деп санайды. Үйір айғырының жал-құйрығын күші қайтады немесе шаңырақ құты деген наныммен қимайды. Түйенің көктем, мамыр айында жүні әбден көтерілгенде тарап түсіреді.

Бөлтірік асырау. Бөлтірік асырау қазақ қоғамында болған, әрі ішінара жалғасын тауып отырған дәстүр. Бөлтірік алған аңшының әртүрлі мақсаттары болуы мүмкін, бірі бөлтіріктің еркегін аңшы ұрғашы төбетпен шағылыстыру көздейді, бірі тағылық мінезін бақылауды құмар көреді. Дерек кісілерден алынған ақпараттарды қорытатын болсақ бөлтірікті ешкім қолға түпкілікті үйрете алмаған, оларды босатқан соң қасқыр үйіріне қосылып кеткен. Табиғатпен етене өмір сүруді білетін малшы, аңшылар қолға алған бөлтірікті 3–4 айдан артық ұстамауға тырысқан, өйткені шикі азығын тауып беру қиынға түскен. Дерек кісілер қолда ұзақ ұстаған бөлтіріктің табиғатты сағынғаннан ішқұса болатынын жеткізді. Кейбірі алған апанына апарып тастамауын, адамдарға кек қайтаруы мүмкін деп түсіндіреді. Дерек беруші кісілер, аңшылар бөлтірікті тек құмарлары қанғанша ғана, әрі бөлтіріктің тағылық мінезін бақылау үшін ғана ұстап, есейе бастағанда, мінезінен тағылық көріне бастаған кезде босатып жіберген дұрыс, олар өздері үйірге қосылып кетеді дейді. Семейлік Сералы Құсман (руы найман-байжігіт. Абай облысы, Ақсуат ауданы, Есім ауылы) қолға ұстаған бөлтірігін есейген соң босатып жіберсе де, алғашқы уақытта иесіне қайтып келіп жүрген, кейін қайтып оралмағанын үйірге қосылды деп болжайды (Соңғы скиф, 2023; АЭМ; 5 а, б-сурет).



Сурет 5 – Сералы Құсманның өзі асыраған бөлтірігі. Аты Ноян. 5 ай. Бөлтірік Семей орманына жіберілген
 [Fig. 5 – Seraly Kusman’s hand-raised wolf pup named Noyan, 5 months old. The pup was released into the Semey forest]

Қасқырды ие ретінде тану. Ертеде бақсылық өнер мен бақсылық ем кең қолданыста болғанымен қазіргі таңда өзгеріске енуі, жойылу қаупіне орай МЕММ Ұлттық тізіміне «бақсырық өнер, сарын айту» шұғыл қорғауды қажет ететін мұра ретінде енген. Қазақ жерінің шығысында өмір сүрген Таласбай бақсы бала көтермеген әйелдерді емдеу үшін жергілікті Бөрітастаған тауында өмір сүретін Көкбарақ атты қасқыр кейпіндегі жынын көмекке шақырған екен (Толлеубаев, 1991: 5). Зікір салғанда қасқыр көмегіне жүгінетін, «пір қасқырды» сарынмен шақыратын бақсыларды «қасқыр жынды бақсылар» деп атаған.

Бұл бөрі иеге табынудың бақсылық өнердегі көрінісі. Тағы бір бақсы сарыны:

«Айдаушы бермен, төрт бөрі,

Төртеуі де Көк бөрі

Жаным қалмай шақырдым,

Болып па ең, маған өкпелі», –

деп төрт бөріні шақыра отырып, олардың қай жақтан келетініне нұсқау береді:

«Біреуіңіз тесіктен,

Біреуіңіз көлден кел,

Біреуіңіз жабықтан,

Біреуіңіз судан кел!»

Бақсы төрт бөрі біртіндеп қабылдап, шоқ ұстау, күлін қолына алып ұшықтау, қамшымен қағу, зиянкесті қуалау әрекеттерін әрқайсысының ерекшелігіне қарай атқарады (Бабалар сөзі, 2013: 158–161)

Айберген бақсының жын шақыруындағы бөрі:

«Ойдан келген он бөрі,

Сол бөрінің ішінде,

Алты ауызды көк бөрі..»

(Бабалар сөзі, 93 т., 2013:241)

Моңғолия қазақтарының бақсылық өнерінде жын, ие ретінде бөріні шақыруы шығыс қазақтарымен ортақ. Этнограф Б.Камалашұлы жазып алған сарында келесідей жолдар кездеседі:

«О Көк бөрі, Көк бөрі.

Қасыма кел тез бөрі» (Камалашұлы, 2013: 569).

Моңғолия қазақтарының арасында тараған бақсылық сарында келесідей сөз тіркестері кездеседі:

«Бәрі бөрі, бөрі ием,

Кел жебеуші бөрі ием,

Ұмай ене, Шашты Әзіз,

Еміп өскен бөрі ием»

(Қазақтың этнографиялық категориялар, 2017: 296).

Бақсылық сарын айту ҚР МЕММ Ұлттық тізімінде «жойылу қаупіндегі шұғыл қорғауды қажет ететін мұра» категориясына енгізілді.

Тұзақ құру. Қазақ жерінің шығыс өңірі аңшылары дәстүрлі аңшылықтың ең көне әдісі тұзақ құруды сақтап жеткізген бірден-бір аймақ.

Қыл тұзақ – жасырын құрылып, аң алданып, аяғын басқан кезде тұсаулап ұстайтын ең көне аңшылық құралы.

Махмұд Қашқари жазбасына сүйенсек, тұзақтың қызметі мен түрі тарихи дәуірден өзгеріссіз жеткен.

«Ілді менің аяғым,

Жасырған көрмей тұзағын» (Махмұд Қашқари, 437–438).

Тұзақ түрлері жылқының құйрық қылынан есіп, бір басынан аңның аяғын немесе басын қысатын ілмекті, түскен аңды тартынған сайын қыса, буындыра түсетін, бұғалық әдісімен жасайды. Тұзақтың екінші басын қазыққа немесе жыңғыл, ағаш бұтағына байлаған.

Тұзақтың ұзындығы 2–3 метрдей болады, қазіргі кезде сымнан жасай береді. (Қазақтың этнографиялық категориялар, 5 т, 2017: 457). Адам тұзаққа исі сіңіп қалмас үшін, қолына қолғап киген, аяғына киіз байлап құрған. Тұзақ құру үшін аңшы аулайтын аң-құсынның мінезін, әдеттерін, өрісін, жүретін жерін жақсы білуі керек те, сол жерге тұзағын құрады. Аңшы сондай жерлерге бірнеше тұзақ құрады да күнде, әрі кетсе күнара аралап тексеріп тұрады. Тұзаққа түскен олжаны алып, тұзақтарды қайта құрып, жөндеп отырады.

Қасқырға ұзындығы 2,5 метрден – 5–6 метрге дейін жететін сымнан қасқырдың жүретін жолына тұзақ құруды осы күні Тарбағатай аңшылары сақтап қалған. Тарбағатай бөктерінде «Қасқыр Ержан» атанған Қасымбеков Ержан атты аңшы (руы найман-мұрын, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Үштөбе ауылы, Қаражал қыстағы) аңшы қазақ сыммен тұзақ құрып қасқыр алудың дәстүрлі әдісін сақтап қалған. Сым тұзаққа қасқыр басымен түседі, тұзаққа түскен қасқыр тартынған сайын сым тұзақ қылғындыра түседі. Тұзақтың екінші басы бұтаның түбіне байланады. (Қасқыр тілін білетін қазақ, 2024).

Тұзақты қоян аулау үшін қоянның жолына бұталар түбіне құрады. Аңшы тұзаққа түскен аң-құс оралып тұншығып арам өлмес үшін қарап аңдып жүреді, әрі аңшы уақытында келіп алмаса қоянның даусына жыртқыш аңдар келіп оны жеп кетеді. Қазіргі кезеңде қоянға құрылатын тұзақты жасау үшін жұмсақ сымның бір басын тұйықтап, екінші басын тұйықтаған жерден өткізіп жасайды. Жергілікті аңшылар қоянның ізіне күндіз 15–20-дай тұзақ құрса, ертеңіне кемінде 7–10-на аң-құс түскен. Ал, түлкі, қарсақ, суырға тұзақты іннің аузына құрып, екінші басын қазық немесе қадаға байлаған. Байырғы қазақтар тұзаққа түскен аң-құсты «тұзаққа байланып тұр», – дейді. *Тас тұзақ* – ішіне ауыр тас салып байлаған екі тері түйіншектің арасын қыл тұзақпен жалғап, аңның аяғына қарай лақтырғанда аңның аяғына тұзақтың екі басындағы ауыр тас оралып қалып, аңды тұсайтын құрал. Тас тұзақты аң терісін зақымдамай алу үшін қолданған.

Қақпанды ойлап тауып, аңшылық әдісіне қосқанда темір-тұзақ қақпанмен қыл, қыл-тұзақтар қатар қолданыла берді, алайда қыл-тұзақ құрып аң алудан, қақпан құрып аң алу тиімдірек болды. Сарышұнақ, суыр, балпаң секілді тышқан түрлерінің інінің аузына – «тышқан қақпан», түлкі, қарсақ інінің аузына – «түлкі қақпан» құру кең қолданысқа енді. Қазіргі таңда қазақ жерінде ішінара құс алуға тұзақ құрылғанымен, аңға тұзақ құру сақталмады.

Тұзақ жабайы үйректі ұстау үшін су ішіне құрылса, ұзын жіпті тұзақтар қырғауыл аулау үшін қамыс түбіне құрылды (АЭМ). Дерек кісілер Қасымбеков Ержан мен Сералы Құсманнан тұзақ құрудың үлгілік түрлерін тәжірибелік көрсетуі арқылы құжатталды.

Тас құдықтар және жергілікті ландшафты дәстүрлі пайдалану

Жергілікті жердің табиғи ерекшелігін айғақтайтын таспен шегенделген құдықтар шұғыл қорғауды қажет ететін мұра болып саналады. Мал шаруашылығын дәстүрлі ұйымдастыруда құдық суын пайдалану маңызды рол атқарады. Байырғы тас құдықтарды қазіргі заманға бейімдеп пайдалануы орын алған. Құдықшылықты кәсіп ету қолданыстан шыққан, құдықшылық кәсібі жойылу қаупінде. Құдық, құдық қабырғасын таспен шегендеп, құдық аузы мен ернеуін таспен көтеру – құдық қазу ісінде күрделі технология. Құдықтар байырғы мерзімдік қоныстарда сақталған. Көшпеліліктен отырықшылыққа ауысқан кезеңде кейбір тас шегенді құдықтың иелері құдыққа мал, адамның түсіп кетуі қауіпсіздігі үшін көміп кеткен немесе құдық аузын ағаш бөренелермен жауып бекітіп кеткен (Қазақтың этнографиялық категориялар, 2017: 778–783; 6-сурет).

Аймақта құдық қабырғасын таспен бекітуді «тас қию», «тас жию» сияқты аймақтық кәсіптік сөздердің қалыптасуы, бұл өңірдегі дәстүрлі гидротехникалық білімнің ерекшелігін нақтылайды.

Зерттеу негізінде қазылу, шегендеу, құдық түбінде су сақтау әдісіне қарай *келесідей типтерін* анықтадық:

- 1) түбіне қарай кеңейіп, қабырғасы да, қорабасы да таспен шегенделген, қорабасында су сақталатын «сиясауыт» түріндегі таяз тас құдық;
- 2) қабырғасы толық таспен шегенделген, ішкі ернеуі мен ішкі қабырғасы орташа кеңдік немесе тар, цилиндр типіндегі таяз тас құдық;
- 3) қабырғасын табиғи тасты шеген құрайтын цилиндр түріндегі терең тас құдықтар.

Зерттеу нысанына алынған құдықтардың барлығының қабырға тас шегені көне, тарихи дәуірлерге саяды, тек үстіңгі ернеулері жаңартылған.

№ 1 құдық. Боқшоқы құдығы. Атауы Боқты көлінен батысқа қарайғы көлден биікте орналасуына орай, әрі осы жердегі Боқшоқы көне қыстауы атымен байланысты. Ішкі диам – 2х2, сыртқы шегені 2–3 қатар, тереңдігі 6 м. Ескі, тастап кеткен қыстауда орналасқан. Қоныс болмағандықтан қолданыстан шыққан. Мал, аң түсіп кетпесін деп бетін ағашпен жауып қойған.

№ 2 құдық. Ырзықбай қыстауындағы, Қайырбайдың құдығы. Қайырбайдың құдығы атауын кейін алған, көне атауы Ырзықбай құдығы. Диам. 3х3, тереңдігі 6 м. Беті ағаш бөренемен қималап жабылған, үстінен тас үйген, ағаш қақпақ салынған.

№ 3 құдық. Ұлжан мен Зере зиратының шығыс жақ бетінде, жол бойында орналасқан. Қабырғасы ағашпен сұрыпталған, қималанып қалынған, көмілген, қолданыстан шыққан, үстіңгі қабатындағы ағаш сұрыптары алынған.

№ 4 құдық. Диам. 2,5х2,5, тереңдігі 6 м. Көне қыстау орнында, далалық жерде орналасқан, қазір қолданыстан шыққан. Мал, аң түсіп кетпесін деп, бетін ағашпен жауып қойған. Басында темір астау қалған.

№ 5 құдық. Диам. 2,5х2,5, тереңдігі 6 м. Беті ағаш бөренемен қималап жабылған, үстін цемен бетонмен жауып, ернеуіне балон орнатқан. Қақпағы темір.

№ 6 құдық. Орналасқан жері Сарықора қыстауы. Диам. 3х3 м., тереңдігі 7 м. Ернеуі 1 м жоғары, ағаш тақталармен көтерілген, қақпағы ағаш қималардан жасалған.

№ 7 құдық. Орналасқан жері Қарауыл кенті. Диам. 2х2 м., тереңдігі 6 м. Ернеуі 0,5 м ағаштан көтерілген, ағаш қақпақ орнатылған. Кеңестік заманда Жүнісов Оспанғали пайдаланған. Қазіргі таңда қолданыстан шыққан.

Қарауыл кенті ішінде Әлішбайдың құдығы, Жақияның құдығы деп аталатын тасқұдықтар бар.

№ 7–8 құдықтар. Саржал ауылынан зерттеуге алынды. Саржал ауылы құдықтарының ішкі ернеуі тар қазылған. Диам. 1,80, тереңдігі 3–6 м. аралығында.



Сурет 6 – Жергілікті тас құдықтар: а) жолбастаушылардың Боқты көне мерзімдік қоныс орнын көрсетуі; б, в, г) Боқты құдығын ашу барысынан; д) Ырзықбай құдығының ішкі шегені; ж) Қарауылдағы көне құдық; з, е) Саржал құдықтары

[Fig. 6 – Local stone wells: a) guides showing the ancient seasonal settlement site of Boqty; b, c, d) the process of opening the Boqty well; e) the inner masonry of the Yrzyqbay well; f) an ancient well in Qaraul; g, h) the wells of Sarzhaj]

Шығыс қазақтары ҚХР, Моңғолияға қоныс аударғанда «тас жиған құдық» атауын сақтап қалған. Моңғолия мен шығыс қазақтарының құдық қабырғасын таспен шегендей әдісі ортақ, оның себебі Моңғолия қазақтарының аталары шығыстан қоныс аударуымен байланысты. Баянөлгийдегі құдық қазуды кәсіп еткен құдықшылар жер асты суын шығарып құдықта жинаудың дәстүрлі гидротехникалық білімін атадан-балаға мирас етіп келеді. Цилиндр типіндегі жер астын кеулей тік қазылған құдықтардың тереңдігі 8 м-ден 18 м-ге дейінгі тереңдікте. Құдық қазуды кәсіп еткен жігіттер жер асты суын шығарып, құдықта ауыз судың қоры ретінде сақтаудың, жер асты су көзіне жетудің қиындығын «отын олжа, су қордық» деп жеткізеді (АЭМ).

Мал қора

Табиғатты дәстүрлі игерудегі және мал шаруашылығын дәстүрлі ұйымдастырудағы халықтық білім жергілікті тастан құрғақ қалап жинаған «тас қоралардан», іргетасы биік тасты, қабырғасы сабан, қиыршық тас қосып иленген кірпіштен өрілген төбесі жабық және төбесі ашық қоралардан көрінеді. Жайлаудағы тас қоралар ашық кеңістікте салынса, қыстау, күзеулік тас қоралар ішінара тау жарларына жапсарлана салынып, қораның бір қабырғасын жартастар құрайды. Күз, қыста тауға жапсарлана салынған немесе екі жартастың түйісер қуысына, екі тау шатқалының ортасындағы сайдан салынған қоралар аязды, бұрқасынды жел өтінен ықтасын, әрі малға жылы болады. Қораның төбесін жабуды, үйдің төбесін жапқандай итарқасын жабу дейді. Қораның төбесіне екі ұзындық қабырғасын жалғайтын еніне параллель түсетін етіп қатар қатар бұтағынан, қабығынан ажыратылған қарағай бөренелерін қояды, бөрене үстін қамыс, шөп, тал шыбықтарын тастап, оның үстіне балшық құяды (7е-сурет). Мал қора типтері мен құрылысының ерекшелігі жергілікті ландшафт пен флорасына байланысты. Жылқы қораларда әдетте бие мен құлын, қыс қатты үскірік болғанда үйір жылқысы ұсталады. Абай облысы қазақтарының тас қораларын бес типке жіктедік:

1) бір бөлмелі қой, ешкіге арналған, төрт қабырғасы да таспен қаланған, итарқасы жабылған, көлемі 5х6 м., есігі тар, бір қақпалы тас қора (4а-сурет);

2) іргетасы 7–10 қатар тастан бекітіліп, қабырғасы қиыршық тас қосып иленген қалың шикі кірпіштен қаланған, итарқасы жабылған, көлемі 6–8 м. х 20 м. болатын, бағаналар орнатылған, жылқыға арналған, есігі кең екі қақпалы тас қоралар (7б, в, г-сурет);

3) төрт қабырғасы да тастан қаланып, жоғары бөлігіне шағын терезе-булық орнатылған, есігі кең, екі қақпалы, көлемі 5–6 м. х 15–20 м. тас қоралар (7д-сурет);

4) ені мен арқалық іргетасы тастан қаланып, қабырғасы қиыршық тасты иленген шикі кірпіштен көтерілген, ішіне бағаналар орнатылған, алдыңғы қабырғасы ашық немесе көлденең белдеу ағаштар бекітілген, итарқасы жабылған;

5) қабырғасы тас, шикі кірпіштен қаланған немесе ағаштан соғылған төбесі ашық қоралар (8г-сурет).



Сурет 7 – Мал қора типтері
[Fig. 7 – Traditional types of livestock shelters]

Адам мен табиғат арасындағы байланыстың жергілікті ерекшелігі алғашқы фототіркеулерде

Семей музейі фотоқоры. Біз зерттеуге алып отырған оңтүстік-шығыс және шығыс аймақ қазақтарының МЕММ-да кейбір фотоқұжаттар «дәстүрлі кезең мен бүгінгі трансформацияланған қоғам қарекеттерінің астасуы» мәселесінде өзгеріске енген немесе жойылып кеткен сирек құндылықтарды нақтылауға айғақ болады.

Семей тарихи-өлкетану музейі қорында «Ағайынды Белослюдовтар» деген атаумен танымал ағайын өлкетанушылардың ішінде Федор Белослюдов (1884–1944) түсірген фотоқұжаттар түпнұсқасы «Белослюдов альбомы» деген атаумен сақталған. Альбом қала, өлке ескерткіштерін және қазақ ауылы тұрмысын қамтиды. Оның Семей өңірінен түсірген көптеген фотолары қазіргі таңда Ресей музейлері мен архивтері қорында сақтаулы. Федор Белослюдов Семей қаласындағы санақ комитеті, бастауыш білім беру қоғамы, географиялық қоғам бөлімшесі сияқты ұйымдарға мүше болған. Бауырлары Виктор (1882–1916); Николай (1880–1943); Алексей (1887–1939) төртеуі бірге музей қорын қалыптастырған, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, аударып жариялаған, ағартушылықпен қоса айналысқан. Федор Белослюдовтың этнографиялық фототіркеулері 1910–1931 жылдар аралығын қамтыды. Федор Белослюдов Семей, Өскеменде қызметте жүріп, жұмыс бабымен қазақ ауылдарының тыныс-тіршілігімен танысып, күнделікті оқиғаларды фототіркеуге алып отырды. Семей музейінде сақталғаны фотолардың баспалық, яғни басып шығарылған алғашқы түпнұсқасы. Ал, шыны негативтері Қазақстан мемлекеттік кино, фотоқұжаттар және дыбыс жазбалар архивінде және Ф.Достоевский музейінде сақталған.

Федор Белослюдов әскери қызметте жүріп, Семей жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің делегаты болып сайланады. Қаладағы контрреволюциялық төңкерістен кейін ол депутаттық қызметтен бас тартады, осы әрекеті үшін ақ әскер қатарында қызмет етуден бас тартқан офицер ретінде тұтқындалады, ол Семей түрмесінде аз уақыт жатып, кейін Омбы түрмесінде болған. 1919 жылы түрмеден қашып шығып, Омбыны қызыл әскерлер азат еткеннен кейін біраз уақыт сонда қалады. 1920 жылы Семейге қайтып оралып, Губревкомның басқару бөлімі бастығының орынбасары, одан кейін 1935 жылға дейін әртүрлі мекемелерде қызметтер атқарып, Қалалық комхоздың инспекторы болып тағайындалады. Федор Белослюдов 1937–38 жылдары репрессиялық қысымға ұшырап, 1944 жылы қайтыс болған.

«Белослюдов альбомы» фотоқорының қазақтың төрт түлік малының мерзімдік жайылымда бағылуы, мал қора, жайлау, қыстаудан беретін этнозоологиялық, этноэкологиялық деректілігінің маңызы зор. Белослюдов альбомын музейдің бірегей экспонаты, әрі Қазақстанның сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры мұрасы деуге болады. (8-сурет).




Сурет 8 – Дәстүрлі мал шаруашылығынан: а) отар; б) қос өркешті түйелер; в) ірі қара табыны; г) көл жағасындағы мал қора. 1913 ж., қыркүйек. ВКП-23515-23517, 23526.

Семей музейі, Белослюдов альбомы, 1910–1931

[Fig. 8 – Traditional animal husbandry: a) a sheep flock; b) Bactrian (two-humped) camels; c) a herd of cattle; d) a livestock shelter by the lake.

September, 1913. VKP-23515–23517, 23526. Semey Museum, Beloslyudov Album, 1910–1931]


Құрылыс ісінде ғимарат соғу, дәстүрлі тұрмыста баспана соғу, мал қора соғу, зират тұрғызу ісіне жергілікті орманда өскен қарағайларды құлатып, бұтағын шауып, Бұқтырма, Шідерті, Ертіс сияқты өзендермен ағызып иірімдерге келгенде ағаш діндерін тартып алған. Құрылысқа пайдалану үшін әбден кептіріп барып, қабығын сүргі, шотпен қырған, қабығын қырып тазалау, ағаш зиянкестерінің түсуінен қорғайды. Шабуға түзу өскенін тандайды (9-сурет).



Сурет 9 – Бұқтырма өзенімен ағаш ағызу: а) жинап жағаға тарту; б) сал етіп ағызу. 1910 жыл, маусым. ВКП-1509а, б. Семей музейі, Белослюдов альбомы, 1910–1931

[Fig. 9 – Log rafting on the Bukhtarma River: a) collecting and pulling logs to the shore; b) floating them downstream as a raft. June, 1910. VKP-1509 a, b. Semey Museum, Beloslyudov Album, 1910–1931]


Қазақ жерінің шығыс өңірі жерасты қазба байлықтарына бай өлке, соның ішінде Семей өңірінде ежелден белгілі Қаражыра, Күршім кен орнындарынан жасалған тарихи фототіркеулер жылқыны көлік ретінде пайдалану, төрт дөңгелекті арбамен көмір тасу жергілікті халықтың кәсіпшілігінен мәлімет береді (10а, б-сурет). Мал терілерін өңдеп көмір салатын теріден кен-қап тігуді фототіркеуге алу тері өңдеп, оны дәстүрлі тұрмыста пайдаланудың жергілікті ерекшелігін айғақтайды, әрі сирек кездесетін дерек болып саналады (10в-сурет). Қазақ жерінің шығыс өңірінде қой шаруашылығының басым дамуы, жергілікті базар, жәрмеңкелерде сауда көзі болды, «Жәрмеңкеде қой жүнін өткізу» фотосында жүн өлшейтін таразы-безбен анық көрінеді. Безбен дайындау үшін ортасына қарай ойыңқы келген қаңылтыр табақ соғады, шеткі жақтарын қайырып, үш жерден тесіп, бөрене мосыға кендір жіп немесе қой жүнінен ескен жұмсақ арқан арқылы ілген (10г-сурет).



Сурет 10 – Кәсіпшілік: а,б) Күршім, кен орнынан жүк тасуға жылқыны көлік ретінде пайдалану; в) жәрмеңкеде қой жүнін өткізу, безбенмен өлшеу; г) кен салатын тері қап дайындау. XIX ғасыр соңы – XX ғасыр басы. Семей музейі қоры.

[Fig. 10 – Traditional industries: a, b) using horses as transport to carry loads from the Kurshim mine; c) selling sheep wool at a fair, weighing it with a scale; d) preparing a leather bag for carrying ore. Late 19th – early 20th century. Semey Museum collection]

Қазақ халқының иллюстративті тарихында маңызды орын алатын фотоқұжаттардың негізгі бөлігін қазақ жерінің оңтүстік-шығыс, шығыс жерінде болған статистар, әскерилер, зерттеушілер, саяхатшылар материалдары құрайды. Семей музейі фотоқор коллекциясында сақталған Көкпекті қазақтарының мініс аттарының торы, көк ат, боз ат, жирен, күрең, ала, қылаң түстерін тіркеу мақсатында түсірілген КСРОҒА антропологиялық отряд зерттеушілері фотолары назар аудартады. Жылқы түсі анық болу үшін барлық мініс аттарын ер-тоқымсыз түсірген (Добржанский т.б., 1928: 32–129; 11-сурет).



Сурет 11 – Қазақ жылқыларының түрлері. Көкпекті, Тарбағатай. 1925 ж.
[Fig. 11 – Types of Kazakh horses. Kokpekti, Tarbagatai. 1925]

Қорытынды

Шығыс өңірі қазақтарының этнографиялық аймақтық ерекшеліктері дәстүрлі мәдениеттің барлық қырынан көрініс табады. Табиғаты – жергілікті шақпақ тас, қиыршықтың тасты дәстүрлі пайдалану сәулеттік құрылыстың барлық түрінен, баспана, зират соғу үлгілерінен, шаруашылық құрылыс – мал қора, үй қоршау, құдық шегендеуден көрінеді. Дәстүрлі мал шаруашылығынан жайылым, өріс пайдалану, мал қора соғу ісінен аймақтық этнографияның ерекшелігі табиғатты дәстүрлі игерумен, жергілікті ландшафтпен үйлесім тапқан. Байырғы қыстау үйлердің қирандылары, қыстау, көктеудегі қорымдар, құдықтар ашық аспан астындағы этнографиялық ескерткіш ретінде шұғыл қорғауды талап етеді. Осы өңірден зерттеуге алынған құдықтар, жан-жануармен байланысты бақсылық сарындардың сақталуы жойылу қаупіндегі, шұғыл қорғауды қажет ететін жанды мұра ретінде тіркелді. Тарихи мәдени мұра ретінде тіркеуге, зерттеуге алынбаған қазақ қорымы, шаруашылық, қоныс орындары, құдықтар саны әлі де жеткілікті. Абай облысында түйе шаруашылығы тарихи дәуірлерден саны жағынан аз дамыған төрт түліктің бірі ретінде оның бағымын жергілікті табиғатқа икемдеп дамытуы этнозоология, этноэкологиялық бағытта алғаш ғылыми зерттеу нысанына алынды. Музейлік этнографияда «шығыс аймақтық этнографиясы» аз зерттелген өңір ретінде маңызды нысан болып табылады.

Зерттеу барысында Семей тарихи-өлкетану музейінің визуальды дерекқорына ғылыми атрибуция жасалды. Фотоқор коллекциясы сол өңірдегі ХІХ ғасыр аяғы – ХХ ғасырдың бас кезіндегі дәстүрлі қазақ тұрмысының болмысын дәлме-дәл береді. Фотоқұжаттардың деректік маңызы жазба, мұрағаттық нарративтік құжаттармен пара-пар. Ұсынылған музейлік фотоқұжаттар этнографиялық тұрғыда бұрын зерттелмеген, музейлік-этнографиялық атрибуция жасау ісінде алғашқы қадам. Осы зерттеу жобасы аясында әскери өлкетанушы

ағайынды Белослюдовтар ішінде Федор Белослюдовтың фотоқұжаттары хатталып, музейлік-этнографиялық интерпретация жасалып, ҚРҰҒА «Ғылым Ордасы» және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Археология, этнология және музеология кафедрасының «этнографиялық электронды дерекқор» базасына тіркелді. Мақалада фототіркеудің тек кейбір нұсқалары берілді.

Әдебиеттер тізімі

- Бабалар сөзі, 2013 — *Бабалар сөзі*. 100 томдық. Т. 93. Магиялық фольклор. Астана: Фолиант. 2013. 432 б.
- Белослюдов, 1910–1931 — *Белослюдов* альбомы. Семей тарихи-өлкетану музейі қоры, 1910–1931.
- Брюханов, 1912 — *Брюханов В.А.* Марал-Аулие. Записки Семипалатинского Подъотдела Императорского Русского Географического общества. Выпуск VI. Семипалатинск, Электро-Типолитография, 1912. 369 с.
- Воробьев, 2018 — *Воробьев Д.В.* Этнозоология или взаимодействие человека с миром фауны? (введение). Этнографическое обозрение. 2018. № 4. С. 5–12.
- Добржанский т.б., 2018 — *Добржанский Ф.Г., Лус Я.Я., Войтицкий Б.П., Колесник Н.Н., Медведев Н.Н.* Домашние животные Семипалатинского губернии. Част 1. Лошадь, марал. Материалы особого комитета по исследованию Союзных и Автономных Республик. Ленинград: Издание АН СССР, 1928. 250 с.
- Камалашұлы, 2013 — *Камалашұлы Б.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Ұланбатор, 2013. 988 б.
- Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау, 2013 — Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 408 қаулысы, 2013. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408> (Қаралған күні: 28.05.2025).
- Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті, 2017 — *Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті* нысандары. Астана: Фолиант, 2017. 496 б.
- Қазақстанның жанды мұрасы, 2024 — *Қазақстанның жанды мұрасы*. Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдениет мұрасы конвенциясын (2013) іске асыруға қатысты Ұлттық баяндамасы. Редакцияны басқарған Мұзафаров Р.Р. Астана, 2024. 120 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, 2017 — *Қазақтың этнографиялық категориялар*, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 2017. Энциклопедия. 5-томдық. Редактор: Н. Әлімбаев. Алматы: Әлем даму интеграция, 2017. 856 б.
- Қасқыр тілін білетін қазақ, 2024 — Қасқыр тілін білетін қазақ. «Ержан-қасқыр» атанған аңшы туралы деректі-танымдық фильм, 2024. // URL: https://www.youtube.com/watch?v=4P_FJM6JzVQ (Қаралған күні: 07.05.2025).
- Мартыненко, 2017 — *Мартыненко Е.И.* Правовая охрана нематериального культурного наследия государств – участников СНГ на международном и национальном уровнях. Мартыненко. Вестник Воронежского Государственного Университета. Серия Право, 2017. № 2. С. 282–294.
- Материалдық емес мәдени мұра, 2015 — Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 368 бұйрығы, 2015. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012594> (Қаралған күні: 15.06.2025).
- Материалдық емес мәдени мұраны қорғау, 2011 — Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны ратификациялау туралы. 2011 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы, 2011. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000514> (Қаралған күні: 15.06.2025).
- Махмұд Қашқари, 1997 — *Махмұд Қашқари*. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік). 3 томдық. Алматы: Хант, 1997. Том 1. 589 б.
- Соңғы скиф, 2023 — «Соңғы скиф» деректі фильмі, 2023. // URL: <https://www.youtube.com/watch?v=AjTXU3o9gmg> (Қаралған күні: 15.06.2025).
- Толеубаев, 1991 — *Толеубаев А.* Реликты до исламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – нач. XX вв.). Алма-ата: Ғылым, 1991. 214 с.
- Browse the Lists, 2003 — *Browse the Lists of Intangible Cultural Heritage and the Register of good safeguarding practices*, 2003. // URL: <https://ich.unesco.org/en/lists> (accessed 04.05.2025).
- Clément, 1998 — *Clément D.* The Historical Foundation of Ethnobiology (1860–1899). Journal of Ethnobiology, 1998, Vol. 18. No. 2. Pp. 161–187.
- Dídac, 2016 — *Dídac Santos Fita*. Etnozoología. Centro de Investigación en Ciencias Biológicas Aplicadas – CICBA. Mexico, 2016. 95 p.

References

- Babalar sozi, 2013 — *Babalar sozi*. 100 tomдық. Vol. 93. Magiyalyk fol'klor [Words of Ancestors: A hundred volumes. Vol. 93. Magical folklore]. Astana: Foliant, 2013. 432 p. (In Kaz.).
- Beloslyudov, 1910–1931 — *Beloslyudov* al'bomy. Semey tarihi-olketanu muzeyi kory [Beloslyudov's album. Collection of the Historical and Cultural Museum of Semey], 1910–1931. (In Russ.).
- Browse the Lists, 2003 — *Browse the Lists of Intangible Cultural Heritage and the Register of good safeguarding practices*, 2003. // URL: <https://ich.unesco.org/en/lists> (access date: 04.05.2025).

Bryuhanov, 1912 — *Bryuhanov V.A. Maral-Aulie. Zapiski Semipalatinskogo Podotdela Imperatorskago Russkago Geograficheskago obshhestva. Vypusk VI* [Notes of the Semipalatinsk Subdepartment of the Imperial Russian Geographical Society. Issue VI]. Semipalatinsk: Yelektro-Tipolitografiya, 1912. 369 p. (In Russ.).

Clément, 1998 — *Clément D. The Historical Foundation of Ethnobiology (1860–1899)*. Journal of Ethnobiology, 1998, Vol. 18. No. 2. Pp. 161–187.

Dídac, 2016 — *Dídac Santos Fita. Etnozoología. Centro de Investigación en Ciencias Biológicas Aplicadas – CICBA. Mexico, 2016. 95 p. (In Fr.)*.

Dobrzhanskiy, et al., 1928 — *Dobrzhanskiy F.G., Lus Ya.Ya., Voytickiy B.P., Kolesnik N.N., Medvedev N.N. Domashnye zhivotnye Semipalatinskogo gubernii. Chast 1. Loshad', maral* [Domestic animals of the Semipalatinsk province. Part 1. Horse, maral]. Materialy osobogo komiteta po issledovaniyu Soyuznyh i Avtonomnyh Respublik. Leningrad: Izdanie AN SSSR, 1928. 250 p. (In Russ.).

Kamalashuly, 2013 — *Kamalashuly B. Kazak halkynyn salt-dasturleri* [Customs and rituals of the Kazakh people]. Ulanbator, 2013. 988 p. (In Kaz.).

Kaskyr tilin biletin kazak, 2024 — *Kaskyr tilin biletin kazak. “Erzhan-kaskyr” atangan anshy turaly derektitanyndyk fil'm* [A documentary about a hunter nicknamed “Yerzhan the Wolf”], 2024. // URL: https://www.youtube.com/watch?v=4P_FYM6YzVQ (access date: 07.05.2025). (In Kaz.).

Kazakstan Respublikasynda materialdyk emes madeni murany korgau, 2013 — *Kazakstan Respublikasynda materialdyk emes madeni murany korgau* zhane damyту zhonindegi tuzhyrymdama turaly. Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2013 zhylygy 29 sauirdegi No. 408 kaulysy [On the Concept of Protection and Development of Intangible Cultural Heritage in the Republic of Kazakhstan. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 29], 2013 No. 408. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408> (access date: 28.05.2025). (In Kaz.).

Kazakstannyn zhalpyul'ttyk kasietti, 2017 — *Kazakstannyn zhalpyul'ttyk kasietti* nysandary [The Kazakhstan Sacred Objects of Whole National Importance]. Astana: Foliant, 2017. 496 p. (In Kaz.).

Kazakstannyn zhandy murasy, 2024 — *Kazakstannyn zhandy murasy*. Kazakstan Respublikasynyn UNESKO-nyn Materialdyk emes madeniet murasy konvencyasyn (2013) iske asyruга katysty Ul'ttyk bayandamasy [Living Heritage of Kazakhstan. National report of the Republic of Kazakhstan on the implementation of the UNESCO Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage (2013)]. Ed. by Muzafarov R.R. Astana, 2024. 120 p. (In Kaz.).

Kazaktyn etnografiyalik, 2017 — *Kazaktyn etnografiyalik kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuyesi*. Yenciklopediya. 5-tomduk [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs. 5 Volumes]. Ed. by N. Alimbay. Almaty: Alem Damu integrasiya, 2017. Vol. 5. 856 p. (In Kaz.).

Mahmud Kashkari, 1997 — *Mahmud Kashkari. Turik tilinin sozdigi* (Diuanı lugat-it-turik) [Dictionary of the Turkic language]. 3 tomduk. Almaty: Hant, 1997. Vol. 1. 589 p. (In Kaz.).

Martynenko, 2017 — *Martynenko E.I. Pravovaya ohrana nematerial'nogo kul'turnogo nasledija gosudarstv – uchastnikov SNG na mezhdunaronom i nacional'nom urovnjah* [Legal protection of intangible cultural heritage of the CIS member states at the international and national levels]. Vestnik Voronezhskogo Gosudarstvennogo Universiteta. Seriya Pravo, 2017, No. 2. Pp. 282–294. (In Russ.).

Materialdyk emes madeni mura yelementterinin ul'ttyk tizbesin, 2015 — *Materialdyk emes madeni mura yelementterinin ul'ttyk tizbesin* kalyptastyru zhane zhurgizu kagidalaryn bekitu turaly. Kazakstan Respublikasy Madeniet zhane sport ministrinin 2015 zhylygy 30 karashadagy No. 368 buyrygy [On approval of the Rules for the formation and maintenance of the National List of Elements of Intangible Cultural Heritage. Order of the Minister of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan dated November 30], 2015 No. 368. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012594> (access date: 15.06.2025). (In Kaz.).

Materialdyk emes madeni murany korgau, 2011 — *Materialdyk emes madeni murany korgau* turaly konvencyany ratifikaciyalau turaly. 2011 zhylygy 21 zheltoksandagy Kazakstan Respublikasynyn Zany No. 514-IV [On ratification of the Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage. Law of the Republic of Kazakhstan dated December 21, 2011 No. 514-IV], 2011. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000514> (access date: 15.06.2025). (In Kaz.).

Songy skif, 2023 — *“Songy skif” derekti fil'mi* [Documentary film “The Last Scythian”], 2023. // URL: <https://www.youtube.com/watch?v=AyTXU3o9gmg> (access date: 15.06.2025). (In Kaz.).

Toleubaev, 1991 — *Toleubaev A. Relikty do islamskih verovaniy v semeynoy obryadnosti kazahov (XIX – nach. XX vv.)* [Relics of pre-Islamic beliefs in the family rituals of the Kazakhs (XIX – early XX centuries)]. Alma-Ata: Gylym, 1991. 214 p. (In Russ.).

Vorob'ev, 2018 — *Vorob'ev D.V. Yetnozoologiya ili vzaimodeystvie cheloveka s mirom fauny? (vvedenie)* [Ethnozoology or human interaction with the world of fauna? (introduction)]. Yetnograficheskoe obozrenie, 2018. No. 4. Pp. 5–12. (In Russ.).

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Мамытова С.Н. XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ЖАДЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БАТЫС ТАРИХНАМАСЫ.....	934
Сабитов Ж., Қаратаев Ә., Төлегенұлы Б. «МАНАС» ЖЫРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ РУЛАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ.....	946

ТАРИХ

Азретбергенова Э.Ж. ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ ТӘЖІРИБЕСІ КОНТЕКСТІНДЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	960
Айтимбаев А.Т., Сандыбаева А.Д. 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАҢДАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ.....	974
Алпыспаева Г.А., Джумағалиева К.В., Жұман Г. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІН ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛЕТТІЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1945–1990 ЖЖ.)...988	988
Аубакирова Ж.С., Краснобаева Н.Л., Уалтаева А.С. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛА ХАЛҚЫ: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРІ.....	1007
Қабылдинов З.Е., Бейсембаева А.Р. XVIII–XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ҚАЗІРГІ ЖАПОН ТАРИХНАМАСЫНДА.....	1028
Далаева Т.Т., Идрисова А.М. ВИЗУАЛДЫ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗДЕР ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЫНДА: ДӘСТҮРЛІ ИЛЛЮСТРАЦИЯДАН VR/AR РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАУҒА ДЕЙІН.....	1039
Джампейсова Ж.М., Бижигитова Қ.С., Бекенжанова А.А. XIX ҒАСЫРДЫҢ 70–90 ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ӘКІМШІЛІК ШЕКАРАЛАРЫН ОРНАТУ ТӘЖІРИБЕСІ.....	1056
Капаева А.Т., Асанова С.А. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	1073
Қасымова Д.Б., Тілеубаев Ш.Б., Абдрахманов Б. 1950–1980 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ КСР-індегі ДІНИ ЖАҒДАЙДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	1089
Қозыбаева М.М. ТЫҢ ИГЕРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ (1950–1960 ЖЖ.) СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	1109
Махметова Н.А., Аубакирова Ж.С., Марғұлан А.С. РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАСҚА ӨҢІРЛЕРІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	1130
Мұқанова Г.Қ., Сәдуақасова З.Т. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ИШАНДАРЫ ТУРАЛЫ БІЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ (XIX–XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ).....	1149
Сауырқан Е., Қайыпбаева А.Т. 1930 ЖЫЛДАРЫ ШЫҢЖАҢНАН КӨШКЕН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕСІ.....	1163
Сисенбаева А.А., Қалыбекова М.Ч. ЖЕКЕ ІС – ШТУТТГОФ КОНЦЛАГЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ (А. БЕЛОЗАРОВТЫҢ ЖЕКЕ ІСІ МЫСАЛЫНДА).....	1177

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Ақымбек Е.Ш., Кембаева А.К. ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШЫНЫ ӨНДІРІСІ ТУРАЛЫ: ОҢТҮСТІК ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ШЫНЫЛАРЫНЫҢ РЕНТГЕН-СПЕКТРЛІК МИКРОТАЛДАУЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	1190
Бейсегүлова А., Ашимова С., Картаева Т. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИЕТ МҰРАНЫҢ «ТАБИҒАТ ПЕН ДҮНИЕГЕ ҚАТЫСТЫ БІЛІМДЕР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР» ТИПІН САҚТАУДЫҢ АБАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	1202
Сапатаев С.Ә., Куралова З.С. ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ҚОРЫМДАРДА АТПЕН ЖЕРЛЕУ ДӘСТҮРІ.....	1221
Сахи Ж., Қаржаубаева А. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИ КЕҢІСТІКТІ САҚТАУДАҒЫ РӨЛІ.....	1235

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Мамытова С.Н. ЗАПАДНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ О МАССОВОМ ГОЛОДЕ В КАЗАХСТАНЕ В 30-Е ГГ. XX ВЕКА.....	934
Сабитов Ж., Каратаев А., Толегенулы Б. ПРЕДСТАВИТЕЛИ КАЗАХСКИХ ПЛЕМЕН В ЭПОСЕ «МАНАС».....	946

ИСТОРИЯ

Азретбергенова Э.Ж. ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ В КОНТЕКСТЕ ОПЫТА КАЗАХСТАНА И ТУРЦИИ.....	960
Айтимбаев А.Т., Сандыбаева А.Д. СУДЬБЫ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920–1930-е ГОДЫ: АНАЛИЗ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДАННЫХ.....	974
Алпыспаева Г.А., Джумагалиева К.В., Жуман Г.Ж. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНСТИТУТА УПОЛНОМОЧЕННЫХ ПО РЕЛИГИИ В КАЗАХСТАНЕ (1945–1990 ГГ.).....	988
Аубакирова Ж.С., Краснобаева Н.Л., Уалтаева А.С. ГОРОДСКОЕ НАСЕЛЕНИЕ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В РЕГИОНАЛЬНОМ РАЗРЕЗЕ: ОСОБЕННОСТИ, ПОТЕНЦИАЛ И РИСКИ.....	1007
Кабульдинов З.Е., Бейсембаева А.Р. ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА XVIII – НАЧАЛА XX ВЕКА В СОВРЕМЕННОЙ ЯПОНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	1028
Далаева Т.Т., Идрисова А.М. ВИЗУАЛЬНЫЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ В ФОКУСЕ ИССЛЕДОВАНИЙ: ОТ ТРАДИЦИОННОЙ ИЛЛЮСТРАЦИИ К VR/AR РЕПРЕЗЕНТАЦИИ.....	1039
Джамписова Ж.М., Бижигитова К.С., Бекенжанова А.А. ПРАКТИКИ УСТАНОВЛЕНИЯ РОССИЙСКИХ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ГРАНИЦ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В 70–90-е ГОДЫ XIX ВЕКА.....	1056
Капаева А.Т., Асанова С.А. ОСОБЕННОСТИ СОЦИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ В КАЗАХСТАНЕ В 20–30-Е ГОДЫ XX В.....	1073
Касымова Д.Б., Глеубаев Ш.Б., Абдрахманов Б. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РЕЛИГИОЗНОЙ СИТУАЦИИ В КАЗАХСКОЙ ССР В 1950–1980е ГОДЫ.....	1089
Козыбаева М.М. ПОВСЕДНЕВНОСТЬ И ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ЖИЗНИ СПЕЦПЕРЕСЕЛЕНЦЕВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ В ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИНЫ (1950–1960-Е ГГ.).....	1109
Махметова Н.А., Аубакирова Ж.С., Маргулан А.С. ОСОБЕННОСТИ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В СРАВНЕНИИ С ДРУГИМИ РЕГИОНАМИ РЕСПУБЛИКИ.....	1130
Муканова Г.К., Садвокасова З.Т. ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЗНАНИЯ ОБ ИШАНАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (XIX – НАЧАЛО XX ВВ.).....	1149
Сауыркан Е., Каипбаева А.Т. КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ ИЗ СИНЬЦЗЯНА В 1930-Х ГОДАХ И СОЦИАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА БЕСПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ.....	1163
Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч. ЛИЧНОЕ ДЕЛО – КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ВОЕННОПЛЕННЫХ КАЗАХСТАНЦЕВ КОНЦЛАГЕРЯ ШТУТТГОФ (НА ПРИМЕРЕ ЛИЧНОГО ДЕЛА А. БЕЛОЗАРОВА).....	1177

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Акымбек Е.Ш., Кембаева А.К. О СТЕКЛОДЕЛИИ В СРЕДНЕВЕКОВОМ КАЗАХСТАНЕ: РЕЗУЛЬТАТЫ РЕНТГЕНСПЕКТРАЛЬНОГО МИКРОАНАЛИЗА СТЕКЛА ИЗ ЮЖНОГО И ЮГО-ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	1190
Бейсегулова А., Ашимова С., Картаева Т. РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ СОХРАНЕНИЯ ВИДА НЕМАТЕРИАЛЬНОГО КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ «ЗНАНИЯ И ОБЫЧАИ, СВЯЗАННЫЕ С ПРИРОДОЙ И ВСЕЛЕННОЙ» В АБАЙСКОМ ОБЛАСТИ.....	1202
Сапатаев С.А., Куралова З.С. ТРАДИЦИЯ ЗАХОРОНЕНИЯ ЛОШАДЕЙ В МОГИЛЬНИКАХ КАЗАХСТАНА РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА.....	1221
Сахи Ж., Каржаубаева А. РОЛЬ ИСТОРИЧЕСКИХ ЖИЛЫХ ДОМОВ ГОРОДА АЛМАТЫ В СОХРАНЕНИИ ГОРОДСКОЙ КУЛЬТУРНОЙ СРЕДЫ.....	1235

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Mamytova S.N. WESTERN HISTORIOGRAPHY IN THE FORMATION OF HISTORICAL MEMORY OF THE MASS FAMINE IN KAZAKHSTAN IN THE 30S OF THE XXTH CENTURY	934
Sabitov Zh., Karatayev A., Tolegenuly B. REPRESENTATIVES OF KAZAKH TRIBES IN THE EPIC “MANAS”	946

HISTORY

Azretbergenova E.Zh. FORMATION OF NATIONAL IDENTITY AND CURRENT ISSUES OF NATIONAL HISTORY IN THE CONTEXT OF THE EXPERIENCE OF KAZAKHSTAN AND TURKEY	960
Aitimbaev A., Sandybayeva A. THE FATE OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION IN SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE 1920 AND 1930: AN ANALYSIS BASED ON ARCHIVAL DATA	974
Alpyspaeva G., Dzhumagaliyeva K., Zhuman G. ACTIVITIES OF THE INSTITUTE OF COMMISSIONERS FOR RELIGION IN KAZAKHSTAN (1945–1990).....	988
Aubakirova Zh.S., Krasnobaeva N.L. Ualtayeva A.S URBAN POPULATION OF EAST KAZAKHSTAN: FEATURES, POTENTIAL AND RISKS	1007
Kabuldinov Z.E., Beisembayeva A.R. HISTORY OF KAZAKHSTAN IN THE XVIII – EARLY XX CENTURIES IN CONTEMPORARY JAPANESE HISTORIOGRAPHY	1028
Dalayeva T.T., Idrissova A.M. VISUAL HISTORICAL SOURCES IN FOCUS OF RESEARCH: FROM TRADITIONAL ILLUSTRATION TO VR/AR REPRESENTATION	1039
Jampeissova Zh., Bizhigitova K., Bekenzhanova A. PRACTICE OF ESTABLISHING RUSSIAN ADMINISTRATIVE BORDERS IN THE KAZAKH STEPPE IN THE 70–90S OF THE XIX CENTURY	1056
Kapayeva A.T., Asanova S.A. FEATURES OF SOCIAL POLICY IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S–1930S XX CENTURY	1073
Kassymova D.B., Tleubayev Sh.B., Abdrakhmanov B. SOME ASPECTS OF RELIGIOUS SITUATION IN THE KAZAKH SSR IN 1950–1980s	1089
Kozybayeva M.M. EVERYDAY LIFE AND LEGAL ASPECTS OF THE LIVES OF SPECIAL SETTLERS IN NORTHERN KAZAKHSTAN DURING THE PERIOD OF VIRGIN LAND DEVELOPMENT (1950–1960S).....	1109
Makhmetova N.A., Aubakirova Zh.S., Margulan A.S. FEATURES OF ETHNO-DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT OF EASTERN KAZAKHSTAN IN COMPARISON WITH OTHER REGIONS OF REPUBLIC.....	1130
Mukanova G.K., Sadvokasova Z.T. THE MAIN ASPECTS OF THE FORMATION OF KNOWLEDGE ABOUT HEALING IN CENTRAL ASIA (XIX – EARLY XX CENTURIES).....	1149
Sauyrkan Ye., Kaipbayeva A.T. KAZAKH REFUGEES FROM XINJIANG IN THE 1930S AND THE SOCIAL PROBLEM OF ABANDONED CHILDREN	1163
Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch. PERSONAL FILE – AS A SOURCE FOR STUDYING THE PROBLEM OF RESEARCHING KAZAKH PRISONERS OF WAR IN THE STUTTHOF CONCENTRATION CAMP (BASED ON THE EXAMPLE OF A. BELOZAROV'S PERSONAL FILE).....	1177

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Akymbek Ye.Sh., Kembyaeva A.K. GLASSMAKING IN MEDIEVAL KAZAKHSTAN: RESULTS OF X-RAY SPECTRAL MICROANALYSIS OF GLASS FROM SOUTH AND SOUTHEAST KAZAKHSTAN.....	1190
Beysegulova A., Ashimova S., Kartaeva T. REGIONAL SPECIFICS OF SAFEGUARDING THE INTANGIBLE CULTURAL HERITAGE “KNOWLEDGE AND CUSTOMS RELATED TO NATURE AND THE UNIVERSE” IN THE ABAI REGION	1202
Sapatayev S., Kuralova Z. TRADITION OF BURIAL OF HORSES IN EARLY IRON AGE CEMETERIES OF KAZAKHSTAN.....	1221
Sakhi Zh., Karzhaubayeva A. THE ROLE OF HISTORIC RESIDENTIAL BUILDINGS IN PRESERVING THE URBAN CULTURAL LANDSCAPE OF ALMATY	1235

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2025. 12 (4)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй